

«Рудный қаласы әкімдігінің «№ 15 балалар бақшасы» КМҚК

Бекітемін:

2020 жылдың 28 тамызындағы

№ 1 педагогикалық кеңесінде

Төрайымы:  Б.Боздақова



2020-2021 оқу жылына арналған

Ортаңғы «Балапан» тобының (3-жастан бастап)

«Легонын жолдасы асық»

вариативтік компонентінің жоспары

Рудный қ. 2020-2021о.ж.

# Түсінік хат

Ұсынылып отырған Лего әлемі 36 сағаттан тұрады. Аптасына 1 рет айына 4 рет күннің екінші жартысында өткізіледі. Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекемелерде тәлім-тәрбие алатын бүлдіршіндерді жан-жақты дамыту мақсатында жаңашыл технологиялардың көп түрлері пайдалануда.

Жұмысында жаңашылдықты пайдаланбаған тәрбиеші балаларға тиісті деңгейде қазіргі заман талабына сай білім бере алмайды.

Артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап барып шешім қабылдайды.

Жоба жұмысы әр мекеменің жұмыс жоспарына сай өзгертілуі де мүмкін.

Төменде ұсынылып отырған жаңа технология балалардың логикалық ойлауын дамытуға арналған. Жобаға негіз болған тұжырым: балалардың құрастыру белсенділігін қалыптастыру үшін:

1. Педагогпен балалардың бірлесе ойнауы барысында бала өзіне еркін сезінуге жағдай жасау керек;
2. ПДО баланың жас ерекшелігімен тұлғалық қасиеттеріне сай таңдалыну керек;
3. Балалардың эмоционалды ортасын дамыту;
4. Құрастыру кезінде баланың ізденімпаздығын дамыту үшін жағдай жасау;
5. Педагогикалық интеграция әдістемесін қолдану керек;

ЛЕГО құрастырмасымен ойнағанды барлық балалар жақсы көреді. ЛЕГО балалардың ойын, зейінін дамытады. Сонымен қатар бұл құрастырма мен кез келген сюжет желісіне сай ойын ойнауға болады. Мәселен, қыз балалар қуыршақтарына ас пісірсе, ер балалар сол үйді құрастыра алады. Сондай - ақ, ҚМТҚ оқу іс-әрекетінде балалар әр түрлі биіктікті мұнаралар құрастырады, салыстырады, санайды.

Оқыту үрдісінде ЛЕГО технологиясын қолдану міндеттері:

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Кеңістікте бағдарлау;
- Логикалық ойлау;
- Қиялын дамыту;
- Ұсақ моторикасын дамыту;
- Ұжымда ойнауға машықтандыру;
- Тілдерін дамыту;

ЛЕГО құрастырмаларын сөйлеуінде ауытқулары бар топ балаларын оқытуда кеңінен пайдаланылады. Құрастыру кезінде ұсақ моторика дами отырып, баланың ойлау қабілетін дамытады.

**Ортаңғы «Балапан» тобына арналған вариотивтік компонент  
«Легоның жолдасы Асық» жоспары  
2020-2021жж**

<i>Ай</i>	<i>тақырып</i>	<i>Мақсаты</i>
Қыркүйек	Легодан заттар құрастыру.	Лего конструкторымен таныстыру.
	Еркін құрастыру	Болашаққа ғимараттың мазмұны туралы түсінік беру.
	Мұнара	Жеңіл құрылыс құруға үйрету.
	Үстел құрастыру.	Жеңіл құрылыс құруға үйрету.
Қазан	Үй құрастыру	Үй құрастыру да қажетті конструкторды қолдана білу.
	Аңдарға үй құрастыру	Лего конструктордан үй құрастыруға үйрету.
	Зәулім үйлер	Үй құрастыра білуін бекіту.
	Дизайн бойынша құрылыс	Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.
Қараша	Кеме	Су көлігі туралы білімді бекіту.
	Қайық	Қайықтың функционалдық бөліктерін, графикалық бейнесін үлгі бойынша жасауды үйрету.
	Пеш	Орыс халқының пеші мен таныстыру. Пеш құрастыруға үйрету.
	Еркін құрастыру	Болашаққа ғимараттың мазмұны туралы түсінік, жалпы сипаттама беру.
Желтоқсан	Үйрек көлде	Үйрек құрастыра білуге үйрету.
	Сиқырлы балықтар	Балықтарды құрастыру.
	Өзен арқылы өтетін көпір	Көпір құрастыруға үйрету.
	Дизайн бойынша құрылыс	Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.
Қаңтар	Сиырлар үшін қоршау	Шығармашылық қиял арқылы қоршау құрастыру.
	Фермердің үйі	Үйлер туралы жалпыланған ой-пікірді қалыптастыру,.
	Жүк көлігі	Жүк көлігінің қарапайым үлгілерін жасауға үйрету.

	Диірмен	Диірмен туралы айту. Қиялын дамыту.
Ақпан	Тіркемесі бар көлік	Көлікті тіркемесімен құрастыруға үйрету.
	Өрт көлігі	Өрт сөндіру көлігін құрастыруға үйрету.
	Ұшақ	Ұшақ құрастыру.
	Сурет бойынша құрылыс	Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.
Наурыз	Балалар алаңы	Құмсалғыш мен баспалдақ құрастыру.
	Балаларға арналған сырғанақ	Балалар алаңымен таныстыруды жалғастыру.
	Барлық мамандық жақсы	Әр түрлі мамандық пен таныстыру.
	Дизайн бойынша құрылыс	Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.
Сәуір	Зымыран	Ғарыш туралы мәлімет бере отырып, ракета құрастыруға үйрету.
	Ай роуері	Ай роуері туралы айту. Қонструктордан құрастыруға үйрету.
	Ғарышкер	Ғарышкерді ұсақ конструктордан құрастыруға үйрету.
	Дизайн бойынша құрылыс	Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.
Мамыр	Жануарлар зообағында	Зоо бақ туралы айту. Үйрек пен піл құрастыруға үйрету.
	Жолбарыс пен арыстанға арналған мүсін	Бәріне мүсін құрастыруға үйрету.
	Қолтырауын	Зоо бақтағы қолтырауынды құрастыруға үйрету.
	Үлгі бойынша құрылыс	Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№1 конспектiсi**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** Лего құрастыру заттары мен танысу

**Мақсаты:** Лего конструктормен таныстыру.

**Білім беру салаларын біріктіру:** құрастыру, таным, қоршаған орта, коммуникация, музыка, дене шынықтыру.

**Билигвалдық компонент:** Кабинет- кабинет.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

-Есік қағылып пошташы хат әкеліп береді.

Тәрбиеші хатты ашып оқиды.

«Құрметті балалар мен сендерді қала сыртындағы лего кабинетіне қонаққа шақырамын.

Балаларға арналған құрастырғыш бөлшектерді тамашалауға келіңдер.

-Балалар, бізді Арнұр деген бала қонаққа шақырып жатыр екен.

Барамыз ба?

**Негізі бөлімі:**

-Балалар, қане саяхатқа аттанайық.

-Міне, лего кабинетіне де келдік.

-Балалар, Арнұр бізге Лего-құрастырғыш кабинетімен және лего-құрастырғышты таныстырсын.

-Лего-өзімен бірге алуан-түрлі нәрселерді құрастыру мен модельдеу үшін арналған, бөлшектер жиынтығы ой қабылеттілікті дамытатын ойыншықтар топтамасы. Негізгі бөлшегі кірпішік болып келеді. Бұл бөлшек басқа кірпішіктермен, тиектермен біріктіріліп жалғанады. (көрсету). Лего бөлшектері формасының өзгеруіне қарамастан бір-бірімен жалғана алады. Мысалы 1959 жылы шыққан бөлшектер қазіргі бөлшектермен жалғана алады. (Бөлшектер суретін көрсету).

Балалар тақтадағы суретке назар аударайық

Не көріп тұрмыз? (Көлік)

-Бұл суретте жеңіл ойыншық машинаның бөлшектерін көріп тұрмыз.

-Егер біз сол бөлектерді суретке қарап отырып құрастырсақ не шығады?

-Машина жасап құрастыруға болады.

-Міне балалар әртүрлі «лего» бөлшектерінен машина түрлерін, ұшақ, пойыз, үй жиһаздарын құрастыруға болады.

-Ендеше балалар қазір біз лего бөлшектерінен ойыншықтар құрастырып үйренейік.

**Сергіту сәті:**

Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір,

Сағаттың тіліндей иіліп солға бір.

Оң аяқ, сол аяқ,

Отыру оңай-ақ

Топпен жұмыс:

«Лего» бөлшектерінен өз ойымыздан ойыншықтар құрастырамыз.

Ендеше іске кірісіңдер.

«Ойыншықтар сайысы» ойыны

Ойынның мақсаты: Ойын; қиялын және шығармашылық қабілетін дамытады.

**1. Қорытынды:**

-Балалар, біз бүгін қандай ойын түрімен таныстық?

- Балалар біз «лего» бөлшектерінен не құрастырдық?

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №2 конспектісі

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** Еркін құрастыру

**Мақсаты:** Болашаққа ғимараттың мазмұны туралы түсінік, жалпы сипаттама беру.

**Педагогикалық технологиялар:** АҚТ, лево конструкторлары.

**Билингвалдық компонент:** конструктор – конструктор – constructor

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

### 1. Ұйымдастырушылық кезеңі

Ғимарат дегеніміз дегеніміз не?

Құрастыру дегеніміз не?

Лего дегенде нені түсінеміз?

### 2. Негізі бөлімі

Лего конструкторымен жұмыс жасауды үйрету. Лего туралы не білеміз?

Лего құрастыру жұмысын ерекше түсіндіру.

-Балалар, суреттерге назар аударайық. Бұл суреттерде не көріп тұрсыңдар?

-Дұрыс айтасыңдар! Бұл қаламыздың зәулім ғимараттары. Ғимараттардың биіктігі қандай?

-Сендер осы ғимараттарды көрдiңдер ме?

-Басқа қандай ғимараттарды білесiңдер?

-Ендi осы ғимараттардың болашақта қандай болатынын бейнеролик арқылы тамашалайық.

**Бейнеролик:** «Болашақ ғимараттар»

-Балалар, болашақтағы ғимараттар қандай болады екен?

-Сендерге болашақ ғимараттар ұнады ма?

-Өте жақсы!

**Сергіту сәті:**

Армысың , ардақты Аспан-ата !

Армысың ,мейрiмдi Жер-ана !

Армысың ,шұғылалы алтын күн !

Күлiп шықты күн бүгiн ,

Қуант бiздi таңырқап ,

Қуанатын күн бүгiн .

Қайырлы таң , қайырлы күн !

Күлiп шықты күн бүгiн .

**Ойын:** «ЛЕГО»

**Жолмен (жалғыз аяқ жолмен).** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады.

### 3. Қорытынды

Еркін құрастыру тақырыбын қортындылау. «ЛЕГО» құрастырылуын үйрену.

Балалардың жұмыстарын мақтау.

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №3 конспектісі

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Мұнара»

**Билингвалдік компанет:** Мұнара-пирамида.

**Мақсаты:** Жеңіл құрылыс құруға үйрету. Құрастыруда абай болуын қалыптастыру.

**Білім беру салаларын біріктіру:** құрастыру, таным, қоршаған орта, коммуникация, музыка, дене шынықтыру.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, мұнара суреті.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

Өлең айтып, ән салдым,

Асыр салып, қуандым.

Бақшадабіз жүреміз,

Досымызбен шаттанып !

-Балалар, мен сендерге бір затты алып келдім.

Жұмбақтың жауабын табындаршы.

Түрлі түсті ойыншық.

Көздің жауын алады.

Ол не ?

**Негізі бөлімі:**

-Балалар қане біз қандай пішіндерді білеміз, соны есімізге түсірейік.

- Төртбұрыш

- Неліктен оны төртбұрыш деп айтамыз?

- Дөңгелек?

- Неліктен ол дөңгелек?

- Тіктөртбұрыш

- Төртбұрыштан айырмашылығы неде?

- Балалар мынау үшбұрыш пішіні.

- Мынау біз көріп жүрген мұнара. Оның биіктігі өте үлкен болады. Мұндай мұнаралар үлкен қалаларда болады. Біздің елордамыз Астанада осындай мұнараларды кездестіреміз.

**Сергіту сәті:**

Қызыл, жасыл, сары, көк,

Алуан - алуан пішіндер.

Ал, қанекей балақан

Тап үшбұрыш ішінен.

- Ал балалар, қазір бірге мұнара құрастырамыз.

- Мұнараның ең астына қандай дөңгелек қоямыз?

- Үлкен

- Оның үстіне қандай қоямыз?

- Орташа

-Ал ең үстіне қандай дөңгелек қоямыз?

- Кішкентай

- Өте жақсы балалар енді келіп өздерің реті бойынша мұнараны құрандар.

**Ойын: «Қай зат артық?»**

Мақсаты: Балалардың алған білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Шарты: Үшбұрыш пішінді заттардың арасына дөңгелек пішінді зат қойып, қайсысы артық екенін тапқызу.

-Жарайсындар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**3. Қорытынды:**

- Біз бүгін қандай ғимаратпен таныстық?

-Не құрастырдық?

- Мұнара.

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» топтағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №4 конспектісі

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы асық

**Тақырыбы:** «Үстел құрастыру»

**Билингвалдік компонент:** үстел-стол.

**Мақсаты:** Жеңіл құрылыс құруға үйрету. Құрастыруда абай болуға қалыптастыру.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, балалар саны бойынша платалар, магниттік тақта, ЛЕГО-дупло үстел үлгісі.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

-Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын, сендер тауып көріңдер.

Дөңгелек айналасы, үсті тегіс,

Табылар тарапынан түрлі жеміс.

Төртеуі ағайынды тату екен,

Олардан аулақ жүрер ұрыс-керіс. (Үстел)

**Негізі бөлімі:**

-Балалар, бөлменің ішіндегі заттарға қарайықшы.

-Нелерді көріп тұрмыз?

-Қандай заттар бар?

-Үстел бар ма?

-Өте жақсы.

-Қандай жиһаздарды білесіңдер?

-Үстелдер қай бөлмеде тұрады?

-Өте жақсы!

-Қазір біз ойын ойнаймыз.

**Д/ойын:** «Қай бөлмеде қандай зат тұрады?»

**Шарты:** Бөлмелерді атап, онда тұратын заттарды атау.

**Сергіту сәті:**


Көп отырып шаршадық,

Қозғалуды аңсадық.

Жүргіміз келеді,

Әдемілеп ән салып.

-Бүгін біз ЛЕГО конструкторынан үстелді жасаймыз.



-Сендерге қандай бөлшектер қажет? (балалардың жауаптары).

-Ал енді жұмысқа кіріссеңдер болады.

-Жарайсыңдар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**3. Қорытынды:**

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №5 конспектісі

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** Үй құрастыру

**Мақсаты:** Үй құрастыру да қажетті конструкторды қолдана білу бөліктерін құрастырғанда пішіндерді ажырата білу.

**Педагогикалық технологиялар:** АҚТ, лего конструкторлары.

**Билингвалдық компонент:** конструктор – конструктор. Түрлі үйлер – разные дома .

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

### 1. Ұйымдастырушылық кезеңі

Түрлі үйлер дегеніміз дегеніміз не?

Түрлі үм лерді қалай жасауға болады ?

Лего дегенде нені түсінеміз?

### 2. Негізі бөлімі

Әр түрлі өлшемдегі және ұзындығы бар үй жасауды үйрету.


Үй туралы не білеміз?

Қандай пішіндер бар?


Балалар: Төртбұрыш, үшбұрыш.

Лего құрастыру арқылы үй жасауды ерекше түсіндіру.

Балалар еркін құрастыру тақырыбына лего конструкторларымен өз қалаған затын істеп көрсетеді.



**Ойын «Кім жылдам ойыны»**



**Сергіту сәті:**

Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады)

Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)

Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды (жарты доға жасайды)

### 3. Қорытынды

Түрлі үйлер құрастыру түсінігін қортындылау.

«ЛЕГО» құрастырылуы бойынша үйлер құрастырып үйрену.

Балалардың жұмыстарын мақтау.

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №6 конспектісі

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** Біз орманда тұрамыз

**Билигвалдық компонент:** орман-лес

**Мақсаты:** Лего конструктордан үй құрастыруға үйрету.

**Дидактикалық материал:** Орамал, бұтақтар, жапырақтар, доп, хаттар, суреттер, сандар, телефон.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіздер ме, балалар! Бугин біз орманға саяхатқа барамыз.

Міне, бәріміз ормандамыз.

Орман салқын екен.

От жағып жылынайық. Ол үшін ағаш бұтақтарын, жапырақтарды жинаңдар.

Бұл жинағандарың аздау, себебі, отымыз лаулап жану үшін, бір-бірімізге деген мейірімізді, жүрек жылуымызды, ыстық күлкімізді беруіміз қажет. Олай болса шеңберге тұрайық. Мен өз жүрегімнің жылуын, күлкімді, көршіме сыйлай отырып, келесі күлкіні жаға отырып, жақсы көңіл-күй беремін. Енді бір-біріміздің қолымыздан ұстап, жылуымызды беру арқылы отымыз жарқырап және лаулап жанады. Қолдарымызды жоғары көтеріп, бір-бірімізге жақындап тұрайық. Ыстық жалынды сездіңдер ме? Жылындыңдар ма?

**Балалар жауабы:**

**Ойын – жаттығу:** «Біз орманға барамыз»

**Мақсаты:** Моториканы дамыту.

Әуен ырғағы ойналады.

**Тәрбиеші:** Ой, балалар мен балабақшаға қайта оралу үшін айтатын сиқырлы сөзді ұмытып қалдым. Енді не істейміз?

**Балалар жауабы:**

**Тәрбиеші:** Балалар мүмкін орманда бізден басқа біреулер бар шығар. Дауыстап көрейік.

**Жаттығу:** «Жаңғырық»

**Мақсаты:** Естіп қабылдауды дамыту, жолдастарына деген қызығушылықтарын арттыру. (Шырша жанында жатқан хатты алу)

**Тәрбиеші:** Мына хаттың ішінде орман аңдарының ойын тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ балабақшаға қайта баратын сиқырлы сөзді табады екенбіз, балалар. Тапсырмаларды орындау үшін әртүрлі сынақтардан өтеміз. Тапсырмаларды орындаймыз ба?

**Балалар жауабы:**

**Қоянның тапсырмасы:**

**Ойын:** «Айта ғой»

**Мақсаты:** Зейінді дамыту.

**Қажетті құрал:** Доп

**Тәрбиеші:** Допты лақтырып, қағып алған балаға сұрақ қояды.

**Мысалы:** Жыл мезгілдерін айта ғой.

Қазір жылдың қай мезгілі?

Арайдың көйлегінің түсі қандай? т.б.с.

Қасқыр мен түлкінің тапсырмасы.

**Ойын:** «Суреттерді жина»

**Тәрбиеші:** Орманда қасқыр мен түлкі ренжісіп қалыпты.

Суреттерді бөліп алуға көмектесеміз бе?

**Балалар жауабы:**

**Кірпінің тапсырмасы:**

**Жаттығу:** «Телефон»

**Тәрбиеші:** Балалар сиқырлы телефонның тетіктерінде жазулы тұратын сандары түгел емес екен. Ол сандар шыршаларда ілулі тұр екен. Сандарды алып, дұрыс орналастырайық. (Балалардың тапсырманы орындауы)

**Тәрбиеші:** Балалар, біз бәріміз аңдардың тапсырмаларын орындадық. Орманға саяхат ұнады ма?

**Балалар жауабы:**

**Тәрбиеші:**

Осымен саяхатымыз аяталды.

Балабақшамызға қайта ораламыз .

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №7 конспектісі

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

«Таным» Құрастыру

**Тақырыбы:** Өртүрлі үйлер

**Мақсаты:** Үй құрастыра білуін бекіту.

**Педагогикалық технологиялар:** АҚТ, лего конструкторлары.

**Билингвалдық компонент:** конструктор – конструктор ,

Түрлі үйлер – разные дома .

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

**1. Ұйымдастырушылық кезеңі**

Түрлі үйлер дегеніміз дегеніміз не?


Түрлі үм лерді қалай жасауға болады ?

Лего дегенде нені түсінеміз?


**2. Негізі бөлімі**

Әр түрлі өлшемдегі және ұзындығы бар үй жасауды үйрету. Үй туралы не білеміз? Лего құрастыру арқылы үй жасауды ерекше түсіндіру.

Балалар еркін құрастыру тақырыбына лего конструкторларымен өз қалаған затын истеп көрсетеді.



**Ойын «Кім жылдам ойыны»**



**Сергіту сәті:**

Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады)

Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)

Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды (жарты доға жасайды)

**3. Қорытынды**

Түрлі үйлер құрастыру түсінігін қортындылау.

«ЛЕГО»құрастырылуы бойынша үйлер құрастырып үйрену. Балалардың жұмыстарын мақтау.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№8 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Дизайн бойынша құрылыс»

**Билингвалдық компонент:** көлік-машина, самолет-ұшақ, тікұшақ, қайық-лодка.

**Мақсаты:** Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.

**Дидактикалық материал:** лего конструктор, суреттер.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

-Балалар суретте не көріп тұрсыңдар?

-Оларды қалай атаймыз? Қайық

**Негізі бөлімі:**

**Қызықты сәт:**

Есікті ашып, дымбілмес кіреді.

-**Дымбілмес:** Балалар, мен достарыма барайын десем, менде қайық жоқ. Ал мен қайықты қалай істеу керектігін білмеймін.

-Балалар, көмектесемізбе, Дымбілмеске?

-Балалар, көліктердің неше түрі бар?

**Балалар:** Жеңіл көліктер. Су көліктері, ауыр көліктер.

**Тәрбиеші:** Қандай көліктерді білесің?

**Балалар:** Джип, камаз, жигули.

**Тәрбиеші:** Әуе көліктері нелержатады?

**Балалар:** Ұшақтар, тікұшақтар.

**Тәрбиеші:** Камаз қандай көлікке жатады?

**Балалар:** Ауыр көліктерге жатады.

Себебі, ол жүк көліктері.

**Тәрбиеші:** Қайық қандай көлікке жатады?

**Балалар:** Су көлігі.

- Жарайсыңдар балалар!

-Дымбілмеске қайық жасап бермес бұрын, бір сергіп алайық.

**Сергіту сәті:**

Қарға, қарға қарғалар,

Қарүстіндежорғалар.

Борансоқсабүрсиіп,

Көзденжасысорғалар.

**Д/о:** «кім жылдам?»

Ойынның шарты: балалар мен сендерге көліктерді атаймын, ал сендер солардың ішіндегі тек қана су көліктерін атағанда ғана қолдарыңды көтересіңдер.

-Бүгін біз ЛЕГО конструкторынан қайықты жасаймыз.

-Сендерге қандай бөлшектер қажет? (балалардың жауаптары).

-Ал енді жұмысқа кіріссендер болады.

**Балалардың жұмысы.**

Жасаған қайықтарын Дымбілмеске сыйлайды.

-Жарайсыңдар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**3. Қорытынды:**

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» топтағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№ 9 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Кеме»

**Билингвалдық компонент:** кеме

**Мақсаты:** Су көлігі туралы білімді бекіту. Оның орналасу дағдыларын біріктіру.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, магниттік тақта.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сандық тауып алдым. Бұл сандықта біреу бар секілді.

Қараңдаршы балалар мұнда хат бар екен. Хаттың ішінде жұмбақ жасырыпты.

Қорбан, қорбан етеді?

Орман оның мекені.

Тәтті балға тойып-ап

Қыста ұйқыға кетеді. (Аю)

**Негізгі бөлім:**

Аю: — Сәлеметсіңдер ме? Мен кішкентай қонжықпын. Мен орманда тұрамын. Ал сендер қайда тұрасыңдар?

-Ал үйлерінде, бөлмелерінде, ас үйлерінде не бар?

Тәрбиеші бөлме бейнесінің суретін көрсетеді.

- Иә, қонжық осындай жиһаздар әр үйде тұр.

Қонжық: -Ал менің інімде, ас үйімде ешқандай жиһаздар жоқ. Менде осындай ыңғайлы жиһазды қалаймын. Сендер маған ас үйге жиһаздар жасап бересіңдер ме?

– Балалар, қонжықтың ас үйіне қандай жиһаз жасайтынымызды жұмбақпен шешіп көрейік.

Төрт аяғы болса да,

Етік киіп көрмеген.

Жалқаулығы соншама,

Аттап шықпас бөлмеден. (үстел)

-Жарайсыңдар!

-Балалар, ойын ойнап, сергіп алғаннан кейін, қонжыққа жиһазы жасап беретін боламыз.

**Ойын:** «Не жетпейді?»

Тәрбиеші балаларға жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсетеді.

-Балалар неліктен бұл жиһаздар сынып қалды?

-Жиһазды қалай күту керек?.

**Сергіту сәті:**

Қонжықтар орманда тұрды,

Бастарымен бұлай бұрды

Қорбан, қорбан жүрді

Көлден су ішті

Қонжықтар бал іздеп

Ағашты шайқады

Былай-былай шайқады

Кейін қолдарын көтеріп

Би биледі шаттана.

-Енді біз Лего-конструктордан қонжыққа ас үйге арналған үстел жасап берейік.

- Біз бүгін сабақта не жасадық?

Қонжық сендерге «рахмет» айтып жатыр. Сендер оларға өте көмектестіңдер. Қонжық балалармен қоштасады. Сыйлықтарын таратады.

**Қорытынды:**

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» топтағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№10 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Қайық»

**Мақсаты:** Қайықтың функционалдық бөліктерін, графикалық бейнесін үлгі бойынша жасауды үйрету.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, магниттік тақта.

**Билингвалдік компонент:** қайық-лодка

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сандық тауып алдым. Бұл сандықта біреу бар секілді. Қараңдаршы балалар мұнда хат бар екен. Хаттың ішінде жұмбақ жасырыпты.

Қорбан, қорбан етеді?

Орман оның мекені.

Тәтті балға тойып-ап

Қыста ұйқыға кетеді. (Аю)

**Негізгі бөлім:**

Аю: — Сәлеметсіңдер ме? Мен кішкентай қонжықпын. Мен орманда тұрамын. Ал сендер қайда тұрасыңдар?

-Ал үйлерінде, бөлмелерінде, ас үйлерінде не бар?

Тәрбиеші бөлме бейнесінің суретін көрсетеді.

- Иә, қонжық осындай жиһаздар әр үйде тұр.

Қонжық: -Ал менің інімде, ас үйімде ешқандай жиһаздар жоқ. Менде осындай ыңғайлы жиһазды қалаймын. Сендер маған ас үйге жиһаздар жасап бересіңдер ме?

– Балалар, қонжықтың ас үйіне қандай жиһаз жасайтынымызды жұмбақпен шешіп көрейік.

Төрт аяғы болса да,

Етік киіп көрмеген.

Жалқаулығы соншама,

Аттап шықпас бөлмеден. (үстел)

-Жарайсыңдар!

-Балалар, ойын ойнап, сергіп алғаннан кейін, қонжыққа жиһазы жасап беретін боламыз.

**Ойын:** «Не жетпейді?»

Тәрбиеші балаларға жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсетеді.

-Балалар неліктен бұл жиһаздар сынып қалды?

-Жиһазды қалай күту керек?.

**Сергіту сәті:**

Қонжықтар орманда тұрды,

Бастарымен бұлай бұрды

Қорбан, қорбан жүрді

Көлден су ішті

Қонжықтар бал іздеп

Ағашты шайқады

Былай-былай шайқады

Кейін қолдарын көтеріп

Би биледі шаттана.

-Енді біз Лего-конструктордан қонжыққа ас үйге арналған үстел жасап берейік.

- Біз бүгін сабақта не жасадық?

Қонжық сендерге «рахмет» айтып жатыр. Сендер оларға өте көмектестіңдер. Қонжық балалармен қоштасады. Сыйлықтарын таратады.

**Қорытынды:** -Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№11 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Пеш»

**Мақсаты:** Орыс халқының пеші мен таныстыру. Пеш құрастыруға үйрету.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, балалар саны бойынша платалар, магниттік тақта, ЛЕГО-дупло пеш үлгісі.

**Билингвалдік компонент:** пеш-печь.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

**Негізі бөлімі:**

Балалардың назарын тақтадағы сюжетті суретке аудару.

Тәрбиеші кейбір бір қабатты үйлерде қыста от жағатын пеш болатынын, ал ол пештің түтіні мұржадан шығатынын айтып түсіндіреді.

-Мына үй қандай геометриялық фигуралардан құралған?

-Балалар, енді мынау суретке қарайықшы.

-Суретте не бейнеленген?

-Ол пеш.

-Орыс халқында да, қазақтарда да пеш болған.

Пешті біз бір қабатты үйлерден, ауылды жерлерден кездестіреміз.

-Пеш жылыту үшін оған көмір, ағаш салып жағады.

-Бүгін біз сол пешті құрастыратын боламыз.

-Құрастыруды бастамас бұрын, бір сергіп алайық.

**Сергіту сәті:**

Көп отырып шаршадық,

Қозғалуды аңсадық.

Жүргіміз келеді,

Әдемілеп ән салып.

-Бүгін біз ЛЕГО конструкторынан пешті жасаймыз.

-Сендерге қандай бөлшектер қажет? (балалардың жауаптары).

-Ал енді жұмысқа кіріссеңдер болады.

-Жарайсындар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**3. Қорытынды:**

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№12 конспектісі**

**Варитивтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Таным:** Құрастыру

**Тақырыбы:** Еркін құрастыру

**Мақсаты:** Ғимараттың мазмұны туралы түсінік, жалпы сипаттама беру.

**Педагогикалық технологиялар:** АҚТ, лего конструкторлары.

**Билингвалдық компонент:** Ғимарат-здания, конструктор – конструктор .

**1. Ұйымдастырушылық кезеңі**

Ғимарат дегеніміз дегеніміз не?

Құрастыру дегеніміз не?

Лего дегенде нені түсінеміз?

**2. Негізі бөлімі**

Лего туралы не білеміз?

Лего деген сөздің басында қандай дыбысты естіп тұрсыңдар?

Лего құрастыру жұмысын ерекше түсіндіру.

Балалар еркін құрастыру тақырыбына лего конструкторларымен өз қалаған затын істеп көрсетеді.

**Ойын «ЛЕГО»**

**Жолмен (жалғыз аяқ жолмен).** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады.

**Сергіту сәті:**

Армысың , ардақты Аспан-ата !

Армысың , мейрімді Жер-ана !

Армысың , шұғылалы алтын күн !

Күліп шықты күн бүгін ,

Қуант бізді таңырқап ,

Қуанатын күн бүгін .

Қайырлы таң , қайырлы күн !

Күліп шықты күн бүгін .

**3. Қорытынды**

Еркін құрастыру тақырыбын қортындылау. «ЛЕГО» құрастырылуын үйрену.

Балалардың жұмыстарын мақтау.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№13 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Үйрек көлде»

**Мақсаты:** Үйрек құрастыра білуге үйрету.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, үй құстарының суреті бар иллюстрациялар, ЛЕГО-дупло үйректің үлгісі, үйрек ойыншығы, үй құстарының дауыстарының аудиожазбасы бар музыкалық орталық және "кішкентай үйрек би"минустық фонограммасы.

**Билингвалдық компонент:** утёнок – үйрек, құс ауласы – птичий двор

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

-Бүгін біз сендермен бірге ауылдағы Әлидің әжесінің құс ауласына саяхатқа барамыз. Ол өзінің құстарын тамақтандырайын деп жатыр.

**Негізгі бөлімі:**

-Әжеміз құстарын қалай атайды екен?

-Қараңдаршы мұнда қандай әдемі құстар тіршілік етеді.

-Қалай ойлайсыңдар, үй құстары немен тамақтанады?

-Қандай құстарды білесіңдер? (иллюстрацияларды қарау, балалардың жауаптары).

-Міне, әжеміз құстарға дән салды, ал құстарымыз оған алғысын білдіріп жатыр. --Құстар сөйлесе алады ма?

-Құстардың дауысын тыңдайық.

-Қандай құстарды дауысынан таныдыңдар?(Құстар дауысы естіледі, балалар құстарды атайды).

-Бұл үй немесе жабайы құстар? Және олардың қайсысы жабайы? (балалардың жауаптары).

Жұмбақ жасыру.

-Дұрыс, бұл үйрек.

-Бізге қонаққа қандай тамаша үйрек келгеніні қараңдаршы(ойыншық көрсету).

-Балалар, олай болса, келген қонағымызбен ойын ойнайық.

-Ойын «Қай құстың балапаны?» деп аталады.

-Міне, бұл суреттегі құстардың балапандары қашып, енді өз аналарын таппай жүр. Біз оларды дауысынан ажыратып аналарына қайтару керекпіз.

**Сергіту сәті:** "Танец маленьких утят".

-Бүгін біз ЛЕГО конструкторынан үйректі жасаймыз.

-Үйректің денесі қанша бөлікке бөлінген? (үлгіні көрсету).

-Сендерге қандай бөлшектер қажет? (балалардың жауаптары).

-Ал енді жұмысқа кіріссеңдер болады. Ал бізге қонаққа келген кішкентай үйрек сендердің жұмыстарыңды бақылайтын болады.

-Жарайсыңдар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**3. Қорытынды:**

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№14 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Сиқырлы балықтар»

**Билингвалдық компонент:** балық-рыба, сиқырлы-волшебный.

**Мақсаты:** Балықтар туралы айту. Балықтар құрастыру білуге үйрету.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, магниттік тақта, балықтардың суреті бар иллюстрациялар.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

-Есік қағылып пошташы хат әкеліп береді.

Тәрбиеші хатты ашып оқиды.

«Құрметті балалар мен сендерді қала сыртындағы саяжайға қонаққа шақырамын. Балықтарға арнап жасаған тоғанымды көру үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Аузы бар, тілі жоқ,

Терісі бар, жүні жоқ.

Қанаты бар ұшпайды,

Су астында қыстайды.

Хаттың мазмұнын зейін қойып тындап, жұмбақтың шешуін табады ( балық)

**Негізі бөлімі:**

-Балалар балықтар қайда тіршілік етеді? (Суда тіршілік етеді)

-Дұрыс айтасыздар!

Балалар Леопольдтың саяжайына қонаққа келеді.

Балалар қараңдаршы Леопольд балықтарға арнап қандай керемет тоған жасаған. Демек мысық көлге балық аулауға кеткен екен ғой. Ойыншық балықтарды алып көрсетеді.

- Қараңдаршы балықтың алуан түрі бар екен. Олар өзара ұқсаспа? Несімен ұқсайды?

-Жарайсындар! Балалар, біз енді осы тоғаннан балық аулап қайтайық.

-Ойын: «Балық аулау» деп аталады.

-Балалардың арасынан біреуін (алма кезек) шақырып балық аулап шығуын сұрайды.

**Сергіту сәті:**

Ал канекей тұрайық

Алақанды соғайық

Балық сияқты жүзейік

Бір керіліп, бір жиырылып

Жүзіп, жүзіп шаршағанда.

Тығылады тасты құмда.

-Бүгін біз ЛЕГО конструкторынан балықты жасаймыз.

-Қалай ойлайсындар, бізге қанша конструктор бөлшегі керек?

-Бұл бөлшек қалай аталады?

Конструктор бөлшектерін түсі бойынша үш тілде атау.

-Балықтың денесі қанша бөлікке бөлінген? (үлгіні көрсету).

-Сендерге қандай бөлшектер қажет? (балалардың жауаптары).

-Ал енді жұмысқа кіріссеңдер болады.

-Жарайсындар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**3. Қорытынды:**

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №15 конспектiсi

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Өзен арқылы өтетін көпір»

**Билингвалдық компонент:** көпір-мост, өзен-река.

**Мақсаттары:** Көпір құрастыруға үйрету

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, көпірдің суреті.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

-Балалар, бізге қонаққа көрші ауылдан қуыршақ Әлия келе жатыр. Бірақ Ертіс өзенінен қалай өтерін білмей тұр екен.

-Біздің көмегіміз керек сияқты?

-Слайдтан көрсету.

-Балалар, Әлияға қандай көмек керек болып тұр екен?

-Мұқият қараңдар!

-Балалар, Әлия өзен үстінен өте алуы үшін не керек?

-Дұрыс айтасыңдар! Көпір керек.

**Негізі бөлімі:**

-Балалар, біз Әлияға көмек көрсетеміз бе?

-Ендеше, біз көмек бермес бұрын, көпір ұғымын есімізге түсіріп алайық.

-Көпір не үшін жасалған? (Жаяу жүр-гіншілер үшін).

-Біз сендермен көпірдің қандай түрлерін көрдік? («Көпіртүрлері» туралы кестені ілу). Слайдтан – Көпірдің бәрінен ортақ? (Тіреуіші, жақтауы, жүретін бөлігі, түсетін жері).

– Неліктен олардың түсетін жерлері әртүрлі пішінде? (Көліктердің түсе – Көліктерге арналған. – Адамдарға арналған (жүргіншілерге)).

**Сергіту сәті:**

Ал қанекей тұрайық

Алақанды соғайық

Балық сияқты жүзейік

Бір керіліп, бір жиырылып

Жүзіп, жүзіп шаршағанда.

Тығылады тасты құмда.

-Бүгін біз ЛЕГО конструкторынан көпірді жасаймыз.

-Қалай ойлайсыңдар, бізге қанша конструктор бөлшегі керек?

-Сендерге қандай бөлшектер қажет? (балалардың жауаптары).

- Ал қазір жұптасып, өзара келісіп, өз көпірлерін құрастырту.

Құрастыру бағытын бақылап отырып, балалар құрылыс бөлшектерін қойған сайын, сапасы мен нақтылығына көңіл аударып, түзетіп, түсіндіру.

**«Көпірден өтеміз» ойыны**

Жасаған көпірлерінің үстінен Әлияның мәшинесін және басқа да көліктерді жүргізіп, ойнату.

Ойыншығым құрастырғыш,

Көрсетеді көмегін.

Кімге көпір, кімге үй,

Құрастырамын кереметін.

-Жарайсыңдар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

-Әлияға көмек көрсеттіңдер.

-Ол сендерге алғысын білдірді.

**3. Қорытынды:** Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№16 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Дизайн бойынша құрылыс»

**Билингвалдық компонент:** құрылыс-стройтель.

**Мақсаты:** Шығармашылық бастаманы жеке жұмысты дамыту.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері,

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

-Балалар суретте не көріп тұрсыңдар?

-Оларды қалай атаймыз? Көлік

**Негізі бөлімі:**

**Қызықты сәт:**

Есікті ашып, дым білмес кіреді.

-**Дымбілмес:** Балалар, мен достарыма барайын десем, менде көлік жоқ. Ал мен көлікті қалай істеу керектігін білмеймін.

-Балалар, көмектесемізбе, Дымбілмеске?

-Балалар, көліктердің неше түрі бар?

**Балалар:** Жеңіл көліктер. Су көліктері, ауыр көліктер.

**Тәрбиеші:** Қандай көліктерді білесің?

**Балалар:** Джип, камаз, жигули.

**Тәрбиеші:** Әуе көліктеріне не жатады?

**Балалар:** Ұшақтар, тікұшақтар.

**Тәрбиеші:** Камаз қандай көлікке жатады?

**Балалар:** Ауыр көліктерге жатады. Себебі, ол жүк көліктері.

- Жарайсыңдар балалар!

-Дымбілмеске көлік жасап бермес бұрын, бір сергіп алайық.

**Сергіту сәті:**

Қарға, қарға қарғалар,

Қар үстінде жорғалар.

Боран сокса бүрсиіп,

Көзден жасы сорғалар.

**Д/о:** «кім жылдам?»

Ойынның шарты: балалар мен сендерге көліктерді атаймын, ал сендер солардың ішіндегі тек қана жеңіл көліктерді атағанда ғана қолдарыңды көтересіңдер.

-Бүгін біз ЛЕГО конструкторынан көлікті жасаймыз.

-Сендерге қандай бөлшектер қажет? (балалардың жауаптары).

-Ал енді жұмысқа кіріссеңдер болады.

**Балалардың жұмысы.**

Жасаған қайықтарын Дымбілмеске сыйлайды.

-Жарайсыңдар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**3. Қорытынды:**

-Біздің сабақ аяқталды, конструкторларды орнына жинап қояйық.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№17 конспектісі**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Сиыр үшін қоршаулар»

**Билингвалдық компонент:** сиыр-корова, қоршау-забор

**Мақсаты:** Қоршау құрастыру дағдысын қалаптастыру. Шығармашылықты, қиялын, дамыту.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері,  
үй жануарларының жиынтығы.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

- Балалар, бүгін біз ауылға, атаның үйіне қонаққа барамыз. Ауылға машинамен барамыз.

**Негізі бөлімі:**

-Балалар, қараңдаршы жолдың шетінде үй жануарлары жайылып жүр екен

-Кәне, кім айтады не жайылып жүр екен?

(Ұнтаспаны қосады, сиырдың мөңірегені, иттің үргені, аттың тұяқтарының дыбысы естіледі)

-Міне, атаныңда үйіне келдік. Амандасайық.

-Ата, біз сізге көмектесуге келдік. Үй жануарларыңыз өте көп екен. Қоршаулары жеткілікті ме?

-Балалар, менің сиырларым өте көп. Оларға қоршау жетпей жатыр. Маған қоршау жасап беріндерші.

-Олай болса, атаға көмектесіп қоршау жасап берейік.

**Жұмыс реттілігі:**

1. Кірпіштерді тігінен қойып, биіктеу қылып жасаймыз. Бұл сиырға арналған қоршау.

- Балалар, енді қоршау жасайық.

Жекелеме көмек көрсету.

**Сөздік жұмыс:**

Сиыр, қоршау

-Енді, орысшаайтайық.

Сиыр-корова, қоршау-забор

**«Ненің төлі?» дидактикалық ойыны.**

Мақсаты: Балаларға үй жануарларының төлдерін дұрыс таба білуге үйрету.

Қолдарындағы үй жануарларының суреті бойынша ортада тұрған суреттер арасынан төлдерін табады.

-Жарайсыңдар, балалар! Сендер жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

**Қорытынды:** Сұрақтар қояды:

-Бүгін біз қайда бардық?

-Ауылда не бар екен?

-Атаға не жасап бердік?

Бүгін барлықтарың атаға жақсы көмектестіңдер.

Қоштасады.

## Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің №18 конспектісі

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы асық

**Тақырыбы:** Фермердің үйі

**Мақсаты:** Үйлер туралы жалпыланған ой-пікірді қалыптастыру. Бөлшектерді бөлу мүмкіндігін дамыту.

**Педагогикалық технологиялар:** АҚТ, лего конструкторлары.

**Билингвалдық компонент:** конструктор – конструктор, Фермердің үйі-дом фермера.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

### 1. Ұйымдастырушылық кезеңі

-Балалар, қазір біз «не қайда тұрады?» деген ойын ойнап жіберейік. Қараңдаршы сендер суреттен нені көріп тұрсыңдар?

-Олар сиыр, қой, түйе.

-Бұларды бір сөзбен қалай атаймыз? (үй жануарлары)

-Олар неліктен үй жануарлары деп аталады?

-Өйткені олар адамдардың жанында жүреді.

-Олар қайда тұрады? (қорада)

-Ал мыналар нелер? (қасқыр, түлкі, аю)

-Бұларды бір сөзбен қалай атаймыз? (жабайы жануарлар)

-Олар неліктен жабайы аңдар деп аталады?

-Олар қайда тұрады?

-Жарайсыңдар, балалар! Әр тіршілік иесінің өзінің тұратын жері болады, ал біз адамдар қайда тұрамыз? (Үйлерде)


### 2. Негізгі бөлімі.

-Балалар, мынау суреттегі үйге назар салайықшы.

-Бұл фермердің үйі. Фермер деген балалар, жер теліміне иелік ететін немесе оны жалға алып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші кәсіпкер.

-Бүгін біз осы фермерші ағайға үй құрастырып беретін боламыз.

-Құрастырып бастамас бұрын, бір ойын ойнайық.



**Ойын «Кім жылдам ойыны»**

**Сергіту сәті:**

Кергелер керілер,

Уықтары шаншылып,

Өрімдей болып өрілген.

Қол ұстассақ айнала,

Киіз үй болып көрінер.

### 3. Қорытынды

Фермердің үйін құрастыру түсінігін қортындылау.

«ЛЕГО»құрастырылуы бойынша фермердің үйін құрастырып үйрену. Балалардың жұмыстарын мақтау.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№19 конспектісі.**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы Асық

**Тақырыбы:** «Жүк көлігі»

**Билингвалдық компонент:** Құрастыру – конструирование, көлік-машина, жүк көлігі-грузовой машина

**Мақсаты:** Негізгі бөліктермен бөлшектерді бөлу үшін жүк көлігінің қарапайым үлгілерін жасауға үйрету.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, көліктер суреттері, үлгі машина.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

Біздің күлкіміз көңілді.

Жеткізсін жылу, шаттықты.

Бөліскен жақсы ғой өмірде,

Қуаныш, мейірім, бақытты.

**Негізгі бөлім.**

Тәрбиеші бірнеше көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп, қандай көліктер не үшін пайдаланылатынын әңгімелейді (жеңіл машина, автобус, жүк таситын машина). Осылардың ішінде жүк машинасына ерекше тоқталып, жеке бөліктеріне талдау.

**Сергіту сәті:**

Үстінде үйдің,

Тұр еді мысық,

Қасына келді,

Бір торғай ұшып.

Бас салмақ болып,

Ыршыды мысық.

Жөнелді торғай,

Пыр етіп ұшып.

Құрастырма бөлшектерінен жүк машинасының жасалу жолдарын көрсету.

**Д/о: Көліктің атын ата.**

Мақсаты: Әр түрлі көліктерді көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

**Қортынды бөлім.**

Бап, бап, бап дейді,

Жолдан былай кет дейді.

Күшікті басуға болмайды,

Болмайды машина.

Көшеде асығыс жүруге болмайды,

Болмайды машина.

Балалардың жұмыстарын бағалау, көрме ұйымдастыру.

Балаларды мақтап, мадақтау.

Қоштасу.

**Ортаңғы (3-жастан бастап) «Балапан» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің  
№20 конспектiсi**

**Вариативтік компонент:** Легоның жолдасы асық

**Тақырыбы:** «Диірмен»

**Билингвалдық компонент:** диірмен-мельница.

**Мақсаты:** Диірмен туралы айту.Қиялын дамыту.

**Дидактикалық материал:** ЛЕГО-дупло конструкторының бөлшектері, балалар саны бойынша платалар, магниттік тақта.

**Ұйымдастырушылық кезеңі**

-Сәлеметсiңдер ме, балалар?!

Тәрбиеші: «Бізге көрші ауылдан Боранбай ата жүк машинамен бидай алып келе жатыр.

-Балалар бiз бидайды қайда қоямыз?

(Бидай жинау науқанына байланысты суреттерiн iлiп) түсiндiредi.

